Шаңғы жарысы бойынша «Шаңғы шақырады» фестивалі ұйымдастырылды. Марафонға мектеп ұстаздары, оқушылар және техникалық персонал ұжымы қатысты. Мақсаты мен міндеттері: Ақмола облысында шаңғы спортын танымал ету және одан әрі дамыту; салауатты өмір салтын насихаттау.
«Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуі және оның жауапкершілігі мен зиянды жақтары» атты тақырыпта мектеп медбикесі Төкен Ж. 6-9 сынып қыздарымен әңгіме өткізді.
Мақсаты: өскелең ұрпақтың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау болды. 6-9 сынып ұлдарымен «Оқушылар арасындағы вейп және темекі тұтынудың алдын алу» атты тақырыпта әңгіме жүргізді.Мақсаты:Салауатты өмірді дәріптеу, зиянды әдеттерден сақтау.Ағзаға зиянсыз деп айтылған электронды темекі, керісінше, денсаулыққа өте қауіпті өнім болып табылатынын және адам ағзасында түрлі ауыр ауруларды тудыратынын , яғни, электронды темекі шегу процесінде никотин, хош иісті, тәтті дәмі бар болғанымен, басқа да химиялық заттары да ағзаға зиянды әсер тигізетінін түсіндіру және электронды темекіні пайдаланбауға кеңес беру.

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына арналған сынып сағаттары өтті.Мақсаты: Ауған оқиғасының тарихи мағанасын аша отырып, соғыс туралы мәлімет беру. Тарихи деректердің маңызды екендігін ұғындыру. Тәуелсіздік жолында күрескен аға-апаларымыздың ерлігін мақтаныш ете отырып, оқушыларды ұлтжандылыққа, отаның сүюге тәрбиелеу.
Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай мектеп оқушылары "Балалар соғысқа қарсы" атты тақырыпта сурет салып, сурет көрмесі ұйымдастырылды.

"Төрт тоқсан-төрт өнер" жобасының аясында ұйымдастырылған "Ұлттық өнер" көрмесі ұйымдастырылды.

«Көзқарас» дебат клубы жоспар бойынша өз жұмысын атқарды.
Мақсаты: өскелен ұрпаққа дебаттың маңызы және оның тұлғаның интелектуалды , моральді дамуындағы рөлін аңғарту , оқушылардың пікір-сайысқа деген қызығушылығын арттыру.
Мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының әр фракциясы өз міндетін атқарып, мектеп іс-шараларына белсене қатысты.
Мектебімізде 1 наурыз Алғыс айту күніне арналған "Мейірімділікке шексіз ризашылық" атты тақырыпта сынып сағаттары өтті.
Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту." Ризашылық"," рахмет", "алғыс " туралы түсінік беру; үлкен — кішіге деген

сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту;әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.
1наурыз Алғыс айту күніне бастауыш мұғалімдері оқушылардың "Әжеме, атама, анама, әкеме рахмет!" атты ақырыпта салған сурет көрмесін ұйымдастырды.
4 сыныпта «1 наурыз - Алғыс айту» атты тақырыпта сынып сағаты өткізілді.
1 наурыз Алғыс айту күніне өзін-өзі басқару ұйымының ұлдарының қатысуымен "Жылу" акциясы ұйымдастырылды.
8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған "Ана-гүл, Ана -жыр, Ана-өмір шуағы" атты мерекелік іс-шара өтті.
Мақсаты: 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесін атап өту.
Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету.Оқушы бойында ізгілік, инабатгылық,биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу.
Мемлекет басшысының Жарлығымен биылдан бастап Наурыз мерекесінің мәртебесі биіктеп, он күн қатарынан тойланатын болғандықтан мектебімізде бір қатар іс-шаралар ұйымдастырылды.Оның ішінде Наурыз мерекесіне арналған «КҮЙ КҮМБІРІ» республикалық домбырашылар челленджі.

Мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау.
20 наурыз күні мектебімізде Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шара өткізілді.
Мақсаты: Оқушыларға Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
26 наурыз-Спорттық белсенділік күні "Ұлттық ойын -ұлт игілігі"атты тақырыпта ат жарыс ойыны ұйымдастырылды.
Әр тоқсан сайын мектебі әкімшілігінің ата-аналарымен есептік кездесулер , ата-ана жиналысын өткізіп отырады.

Мақсаты: атқарылған жұмыстар , Мемлекет басшысының саясатын іске асыру, білім алушылардың жетістіктері, тәртібі туралы ай сайын хабардар ету.
"12 сәуір -Ғылым қызметкерлері күніне"арналған  сынып сағаттары өтті.
Мақсаты: Тұңғыш ғарышкерлерімен және Қазақстан ғарышкерлерімен таныстыру. Оқушылардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру,еңбекқолыққа, адамгершілікке, өз елінің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.
"Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының шеңберінде шахмат ойнау бойынша мектебімізде ұстаздар мен ата-аналар арасында "Алтын ладья" атты ашық шахмат турнирі өтті.
1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан!» - атты салтанатты жиын өтті. Оқушылар "Жас Ұлан, Жас Қыран" ұымынын қатарына қабылданды.
1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған сынып сағаттары өтті.
Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

"Таза Қазақстан" Республикалық Экологиялық акциясы аясында мектеп ұстаздары, жұмысшылары мектеп аумағын жинады. Мектебіміздің 9 сынып түлектері "Түлектердің ағаш егу" челенджіне қатысты.
7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиын өтті.
Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.
7 мамыр Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр Жеңіс күніне бастауыш сынып оқушыларымен сурет көрмесі ұйымдастырылды.
Мектеп кітапханашысы Жунусова С.А 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр Жеңіс күніне арналған тақырыптық көрме ұйымдастырып , оқушылармен әңгіме жүргізді.
15 мамыр Халықаралық отбасы күніне  мектеп кітапханашысы Жунусова С.А көрме ұйымдастырып, оқушылармен пікірталас ұйымдастырды.
Мектебімізде төтенше жағдай бойынша эвакуациялау оқу жаттығуы жылына 2 рет ұйымдастырылды.
Мектебімізде еліміздің №1 Халық Қаһарманы, Тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы С.К. Нұрмағамбетовтің өмір жолына жолу жасалып ерлік сағаттары өтті. Мақсаты:жастардың бойында Отанына деген патриоттық сезімді дарыту, дүниетанымы мықты жеке тұлғаны қалыптастыру ісіндегі басты бағыт – ел тарихын терең зерттеу, жастарды қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы тәрбиелеу.
Соңғы қоңырау күніне арналған «Білімім - Отаныма» атты тақырыпта сынып сағаттары өтті.
Мақсаты:Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру;
Жас ұрпақтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүние-танымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту;
Логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру.Мемлекеттік тілімізді сүйе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.
1 маусым күні «БАЛАЖАН» науқаны аясында мектебімізде ата-аналар еріктілік қызметі ұйымдастырылды. Балалармен спорттық жарыстар шығармашылық сайыстар, квесттер ұйымдастырылды.
Мақсаты: Қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы тығыз қарым-қатынасты арттыру мақсатында ата-аналар еріктілік қызметін ұйымдастыру.
Сонымен қатар 1-28 маусым аралығында бастауыш сынып оқушыларына арналған «Жас Ұлан» жазғы алаңы өз жұмысын атқаруда.5-9 сынып оқушыларымен мектеп үлескісінде жоспар бойынша «Еңбек тоқсаны» белсенді түрде атқарылып келеді. Оқушылар гүлзарларды суарып, шөптерін тазалап отырады.
**«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында** ҚР халқының Тілдер күніне арнап мектеп кітапханашысы «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» атты кітап көрмесін әзірледі.

ҚР халқының Тілдер күні апталығының аясында бастауыш сынып оқушыларының арасында «Туған тілім» атты тақырыпта мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.
ҚР халқының Тілдер күні апталығының аясында орыс тілі пәнінің мұғалімі 4 сынып оқушыларымен «Моя малая Родина» атты тақырыпта сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды.
Мектебімізде «Бізді ақылды ететін кітап-дана» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.
Желтоқсан айында мектебімізде Сұлтанмахмұт Торайғыров 130 жылдығына «Жақсылық көрсем өзімнен» атты тақырыпта танымдық сағаты өтті. Оқушылар өлеңінен үзінді оқыды.
Ақпан айында «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында 2024жылы таңдалған көрнекті қазақ жазушысы Б.Соқпақбаевтың шығармаларын бірге оқиық оқырман атты тақырыпта видеошолу өтті.
«Оқуға құштар мектеп» челленджі. Мақсаты: балаларды көркем әдебиет оқуға баулу; оқу белсенділігінің өсуін арттыру.
25 қазан-Республика күніне тақырыптық көрме ұйымдастырды.
Мақсаты-Оқушыларды туған жерін,туған елін,халқын ардақтап өтуге уйрету.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.
25 қазан Республика күніне бастауыш сынып оқушыларының «Туған жерім» атты тақырыпта мәнерлеп оқуы.
«Біз отбасымен оқимыз» күзгі демалыс күндері.
«Кітапханамен танысу» 1сынып оқушылары.
Психология апталығының ашылуы.
Тәуелсіздік-қасиетің,құнарын,
Тәуелсіздік –жарқыраған шынарың
Тәуелсіздік-бар бақытың бастауын
Тәуелсіздік-ұлтың менен ұраның!
16 желтоқсан Тәуелсіздык күніне кітап көрмесын ұйымдастырды
Максаты:оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат беру.
Қантар айында бастауыш сынып оқушылары ертегі бойынша пазл жинап мазмұндады.
Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100жыл толуына орай видеошолу ұйымдастырды.
Кенес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай мектеп оқушылары «Балалар соғысқа қарсы» атты тақырыпта сурет салып,сурет көрмесі ұйымдастырылды.
Ауған соғысының аяқталуының 35 жылдығына «Ауғанның от жалыны» атты тақырыптық көрме ұйымдастырды.
1Наурыз Алғыс айту куніне «Қазақстан-сүйікті ел» атты тақырыпта көрме ұйымдастырды.
«Оқуға құштар мектеп» челленджінің аясында «Менің сүйікті кітабым» атты тақырыпта көрме ұйымдастырды.
«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы жалғасуда. 5сынып оқушысы Ұлан Әділхан кітапханаға «Абай Құнанбаев.Қара сөздер» атты кітабын сыйлады.

Кітапханада «Бір ел-бір кітап» Бердібек Соқпақбаевтын 100 жыл туғанына арналған көрме ұйымдастырды. «Қазақ прозасына ерекше ғажайып өрнек салған балалар әдебиетінің классигі».
12 сәуір-Ғылым қызметкерлері күні.Тақырыптық көрме ұйымдастырды.
Балалар кітабының апталығы, 9 сыныптын окушылары кюаркодпен кітап окып,мазмундайды, «Менің сүйікті кітабым» көрме ұйымдастырды.
Бастауыш сынып оқушылары ертегі бойынша пазл жинап мазмұндайды.
1 Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне «Бірлік бақыттың бастауы» тақырыптық көрме ұйымдастырды . 7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне және 9 Мамыр Жеңіс күніне арналған тақырыптық көрме ұйымдастырып,оқушылармен әңгіме жүргізді.
15 мамыр Халықаралық отбасы күні.Осы мерекеге көрме ұйымдастырып,оқушылармен пікірталас ұйымдастырды.
**«Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» бойынша** мектебімізде 2023-2024 оқу жылының қыркүйек-сәуір аралығында бір қатар іс-шара атқарылды.
Мектеп психологі Аубакирова А.Р 8-9 сынып оқушылармен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру және кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шараларды күшейту мақсатында жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу бойынша әңгіме жүргізілді.
Іс-шараның мақсаты - жыныстық тұтастыққа, жеке тұлғаға қарсы қылмыстарға қатысты мақалалар қаралды, қажеттілік туралы профилактикалық әңгіме жүргізді, хабардар болу, интернеттегі қандай сайттарды көруге болатындығын білу, сондай-ақ сексуалдық және зорлық-зомбылық көріністері бар бағдарламалар мен фильмдерді көруді болдырмау болды .Оқушылар жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың түрлерімен, сондай-ақ осы қылмыстардың соңынан еретін қылмыстық жауапкершілікпен танысты. Әңгіме қызықты әрі танымды өтті. Оқушылар ақпаратты қызығушылықпен тыңдады, белсенді жұмыс істеді және қызықтырған сұрақтарын қойды, сұрақтарға жауап берді.Сонымен қатар қазан айында ата-аналармен, ұстаздармен ата-аналар жиналысында жергілікті полиция инспекторы Джанабаев А.А «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу моделі» тақырыбында құқықтық сағатын өткізіді. Педофилия бүгінгі таңда маңызды мәселенің бірі екендігі айтылды. Балаларымызды қалай қорғаймыз? Педофилдан қыздарымыз да, ұлдарымыз да зардап шегуі мүмкін екендігі ескертілді. Ең алдымен, баланың заңмен қорғалатын құқықтары бар екенін үйрету керектігі, қауіпсіздік сабақтарын жиі өткізу керектігін ескертіп жадынама таратты.Сынып сағаттарда оқушылармен сынып жетекшілер «Қолайсыз жағдайда өзіңді қалай ұстау керек?» деген тақырыпта әңгімелерін өткізді.Оқушылардың бос уақытында мектеп медбикесі Төкен Ж. жыныстық тәрбие беру мақсатында тоқсан сайын кездесулер ұйымдастырып, әңгіме жүргізді.Мектеп сайтында жасөспірімдердің жыныстық тәрбие беру мақсатында ақпараттар орналастырылды.

Жалпы оқушылар сыни және креативті ойлайды.Көбісі жеке және командамен жұмыс жасай алады.Ұстаздармен , оқушылармен де дұрыс қарым-қатынас орната

алатыны байқалады. Сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстанып, спорттық іс-шараларға белсене қатысуға тырысады.
Түйіндей келе мектебімізде жаңартылған тәрбие бағдарламасы бойынша көптеген мектепішілік тәрбиелік жұмыстары атқарылды.
Жалпы оқушыларының тәртіптері, бір-бірімен қарым-қатынастары жақсы. Бір-бірімен тату-тәтті. Еңбек ету, үлкенге ілтипат, жолдастық көмек, кішіге қамқорлық көрсету дағдылары әр баланың бойында жақсы қалыптасқан. Әрі қарай жоспарланған жұмыстар өз жалғасын таппақ.
**Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру бойынша** жазғы кезеңде балалардың жарақаттануы мен жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Барап ауылының НОМ – де балалардың қауіпсіздігін арттыруға, өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған "Менің қауіпсіз жазым-2024" атты тақырыпта профилактикалық іс-шаралар жүзеге асырылды. Ата-аналармен қауіпті жағдайлар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша түсіндіру іс шаралары жүргізілді:
- табиғи ортада, оның ішінде суда, орманда, күн сәулесінде болу ережелеріне;
- өртке қарсы қауіпсіздік ережелері, оның ішінде ашық оттың мінез-құлқы;
- автомобиль, теміржол және өзге де көлікті пайдалануды қоса алғанда, жарақаттанудан қорғауды қамтамасыз ететін мінез-құлық қағидалары;
- велосипедті пайдалану, роликті конькимен сырғанау, скутерлерді қоса алғанда, жол жүрісіне қатысушылардың мінез-құлық қағидалары;
- күнделікті өмірде, қоғамдық орындарда, көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық.

Сонымен қатар мектеп сайтына жазғы қауіпсіздік іс-шаралар нұсқаулығы жарияланды.
1-4 сыныптарда **"Өмір қауіпсіздігі негіздері"**оқу курсын міндетті түрде оқу қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұны "дүниетану" оқу пәні аясында жүзеге асырылады: 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4 сыныпта-10 сағат бастауыш сынып мұғалімдері.
**"Жолда жүру ережелері"** оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әр сыныпта 6 сағаттан сыныптан тыс уақытта сынып жетекшілері сынып сағаттары есебінен жүзеге асырады.
**"Жол қозғалысы Ережелері**" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әр сыныпта 6 сағаттан сыныптан тыс уақытта сынып жетекшілері сынып сағаттары есебінен жүзеге асырады.
5-9 сыныптардағы **"Өмір қауіпсіздігі негіздері"** оқу курсының мазмұны дене шынықтыру мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 15 сағат болатын "дене шынықтыру" оқу курсы шеңберінде іске асырылады;
5-8 сыныптарда **"Жолда жүру ережесі"** оқу курсы әр сыныпта сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта 10 сағаттан жүргізіледі.

**7-бөлім Оқу материалдық активтер**

**2005 жылғы жөндеуден өткен**
**64 орын**
**2 аусым**
Ғимарат саны –2;
Қабат – 2;
Мектеп аумағы 1 ғимарат – 409 кв.м.;
2 ғимарат – 220,4кв.м;
жылуы – автономдық
су – орталынылдырылған,
жер аумағы – 0,5444 га
мектепте 7 кабинет(1 кабинет жаңа модификатталған), шеберхана, спорт зал( 86 кв.м), асхана, медициналық кабинет, кітапхана, психолог кабинеті.
№ 6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).

Үй-жайға кіру пандустардың, Мектепке қол жетімділік белгісін орнату

Пандус қажеті -жоқ.  

Екі жақты тұтқа бар Раковина, унитаздың жанында мүгедектер арналған аймақты бар

Дәретхана-бар.  

  

Телекоммуникалық және ақпараттық құралдардың болуы



Мектеп екі қабатты ғимаратта орналасқан, оқу процесі ғимараттың 409 кв.м және 220,4 кв.м ауданында ұйымдастырылған. Бастауыш сынып оқушылары үшін 2 кабинет. Кабинеттерде компьютерлер, интернет байланысы бар, проекторлар экран мен, жеке шкафтар, тақта мен парталар. Орта буын оқушылары үшін 5 пән кабинеті жабдықталған. Әр кабинетте компьютер, принтер, такта, парталар, шкафтар бар. Сыныптар мен оқу бөлмесінің 1 оқушыға орташа есеппен -3.8 м2 санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуы білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді. Мектепте бір кітапхана, онда 1 компьютер, 1МФУ, интернет байланысы бар. Кітапхананың жалпы ауданы 13,1 кв.м. Кітапханада 2 орындық шағын оқу залы бар. Білім берудің толық циклі бойынша оқушылар контингентіне қатысты оқу әдебиеті қорының болуы – 100%. Мектепте сонымен қатар спортзал,спорт алаңы-футбол, волейбол, баскетбол және жүгіру жолы бар. Мастерская, медициналық кабинет, психолог кабинеті, асхана,шағын орталық бар. Қазіргі таңда мектептің техникалық жағдайы жақсы, барлық оқу кабинеттері өз

мақсатына сай пайдаланылуда. Мектепте жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздармен қамтамасыз етілген, құрал-жабдықтар мен оқу құралдарының тізімі жеткілікті.

Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім беру туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда. Мектептің мөрі бар.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/uchebno-materialynye-aktivy
Жабдықтар мен жиһаздарға жүкқұжаттар, оның ішінде бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім басқармасы органымен келісілген түгендеу тізімдемесі).
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/inventarizacionnaya-opisy
Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе ғимараттарға сенімгерлік басқару құқығын немесе ғимаратқа жалдау шартын растайтын құжаттар
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/dokument-podtverghdayuschiy-pravo-hozyaystvennogo-vedeniya-ili-operati
Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер.
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/dogovor-na-medobslughivanie-na-2023-2024-god
Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/dogovor-na-videonablyudenie
Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер. Әдістемелік ұсынымдарға 11-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе Санитариялық қағидаларға сәйкес білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/sanitarno-epidemiologicheskoe-zaklyuchenie
Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы Акт / хат.
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/pisymo-o-rezulytatah-proverki-na-sootvetstvie-v-oblasti-pogharnoy-bezo
edu.kz аймақта үшінші денгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер.
http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/dogovor-na-domennoe-imya

**8-Бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

Мектеп кітапханасы жалпы мектеп жоспарының бөлімдеріне сүйене отырып, мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істеді. Оқу қорының картотекасы, анықтамалық-библиографиялық қоры бар: сөздіктер, пәндер бойынша анықтамалықтар, салалық энциклопедиялар.

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету құрылымы.

Мектеп кітапханашы -Жунусова С.А. білімі орта арнаулы жұмыс өтілі 15 жыл.

2023 – 2024 оқу жылында кітапхана жұмысы мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жүзеге асырылды.

Кітапхананың негізгі қоры -5903 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде – 4145 дана, электрондық құжаттар қоры -19 дана электрондық дискілерден тұрады.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу әдебиеті қоры 3384 дананы құрайды. Жаңа буын оқулықтары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылына арналған бекітілген тізбесіне сәйкес келеді. Оның ішінде қорландыру циклі бойынша 4, 9 -2019 жылғы басылымдар, 3, 6, 8-2018 жылғы басылымдар, 5-7 сыныптар – 2017 жылғы басылымдар, 1-сыныптар - 2021 жылғы басылымдар, 2-сыныптар-2022 жылғы басылымдар. Қорландыру циклі бойынша оқулықтар қоры әр төрт жыл сайын жаңартылып отырады. Берілген оқулықтар "оқулықтар беруді есепке алу журналында" және сыныптар бойынша оқулықтар беру ведомостарында есепке алынады.

1-9 сынып оқушыларының мектеп бойынша оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100% құрайды.

**Окушылар оку құралдармен қамтылған**

1 сынып-3 оқушы
2 сынып-5 оқушы
3 сынып-5 оқушы
4 сынып-5 оқушы
5 сынып-9 оқушы
6 сынып-8 оқушы
7 сынып-9 оқушы
8 сынып-5 оқушы
9 сынып-5 оқушы

Кітап қорының есебін қамтамасыз ету үшін кітапханашы келесі құжаттаманы жүргізеді:
- кітапхана қорының  есебі кітабы;
- түгендеу кітаптары;
- оқырман формулярлары.

Қор ББК кестелері бойынша орналастырылған (Кітапханалық-библиографиялық жіктеу).

Кітапханада жүйелі түрде "жұмыс күнделігі" жүргізіледі, онда топтар бойынша оқырмандардың саны мен құрамы, берілген басылымдардың көлемі және оларды кітапханалық сыныптау бөлімдері бойынша бөлу туралы мәліметтер ескеріледі; күнделікке берілген оқулықтардың, әдістемелік әдебиеттердің, сапарлар мен кітап беру көлемін сипаттайтын бағандар қосымша енгізіледі.
Пайдаланушылар контингенті:
1. Оқырмандар саны-67
2. Алушылар саны-765
3. Кітап беру саны-1420

**Таблица 12.Кітап корымен жұмыс көрсеткіштері**

http://sc0029.akkol.aqmoedu.kz/content/informacionnye-resursy-i-bibliotechnyy-fond

| Оку жылы | Кітап қоры | Кітап оқырмандары | Кітап алушылар | Кітап беру |
|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 8195 | 65 | 756 | 1297 |
| 2021-2022 | 8457 | 66 | 759 | 1268 |
| 2022-2023 | 9233 | 67 | 763 | 1400 |
| 2023-2024 | 9287 | 67 | 765 | 1420 |

Кітапхана жоспары бойынша оқу мәдениетін тарату және дамыту бойынша жұмыстың мынадай нысандары - топтық консультациялар, әңгімелер, мектеп кітапханасының ақпараттық жүйесі туралы дәрістер өткізіледі:

- бағдарлама бойынша бастауыш сыныптармен дауыстап оқу;
- сынып сағаттарына «Бағдаршамға Назар аударыңыз!", "А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына", "Қарттар күні", "Кітап беттеріндегі отбасы" кітап көрмесі, "М. Әуезовтің 120 жылдығына", "Бір ел –бір кітап" тақырыптық сөресі, "Құстар - біздың досымыз",
- көрмелерді жаңарту:

"Назар аударыңыз жаңа кітаптар"
"Менің Отаным Қазақстан"
"Егер сіз ертегіге жүз дос тапсаңыз" (бірінші сынып үшін)
"Денсаулық энциклопедиясы"
"Біздің ортақ үйіміз"
"Жұлдыздар әлемінде"
"Менің алғашқы кітаптарым"
«Отбасы-шағын мемлекет»
"Біз дәрігерміз"
"Біз оқимыз"
«Бала-бақыт бастауы»
"Кітап орбитасында"
"Үш ұрпақ кездесуі"
"Жазда оқимыз"
«Оқыған ертегімнің сүйікті кейіпкерлер»

- балалар кітаптарын дауыстап оқу, иллюстрацияланған балалар журналдарына шолу;
-тақырыптары: "Қазақстан символикасы", "Біз не білеміз энциклопедиялардан?", Оқитын мектеп - оқитын ұлт", "Әдептілік" - 1, 2 сынып, "Оқулықтарды сақта" - 1-4 сынып, "Балалар журналдары мен газеттері" - 5 сынып болып табылатын кітапханалық сабақтар мен іс-шаралар;

"Қазақстанның тәуелсіздігі", "Күздің түстері", "Көпұлтты Қазақстан", "Ғажайып мереке – Жаңа жыл";

- викториналар: "Жақсылық жамандықты жеңеді" - 1 сынып, "Ертегіде Жақсылық жамандықты жеңеді" -2, 4 сынып", «Ертегілерге саяхат»-1, 2 сынып" Қадыр Мырза Али ертегілердің презентация – 1, 2, 3, 4 сынып, Н. Носовтың

шығармашылығы бойынша "Білгірлер" - 2, 3 сынып, жұмбақтар викторинасы - 2, 3, 4 сынып;

- "кітап жақсылық пен әділеттілікке үйретеді" сынып сағаты. -1, 2, 3, 4 сыныптар
- ай сайын оқулықтарды тексеру рейдтері
- жазушылар мен ақындардың шығармашылығы туралы әңгімелер

Өткізілген іс-шаралар саны:
кітап көрмелері-30
әңгімелер, шолулар, дауыстап оқулар -11
оқулықтарды тексеру рейдтері -6
кітапхана сабақтары -4
экскурсиялар -6
презентациялар -10
Біздің мектепте оқу сауаттылығын арттыру мәселесі 2020 жылдан бастап "Оқитын мектеп-оқитын ұлт" жобасы аясында шешілуде. Жобаға сәйкес барлық сынып мұғалімдері, сынып жетекшілері мен кітапханашы балалармен жұмыс істейді.

Жобаның мақсаты мен міндеттері:
- Балалардың шығармашылық және танымдық қызметі арқылы Балалар кітабына деген қызығушылығын қалыптастыру.
- Балалардың кітаптардың шығу тегі, кітаптардың түрлері мен формаларының әртүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту.
- Балаларда бұл туралы түсінік қалыптастыру Кітап білім көзі.
- Балалардың көру, есту зейінін, есте сақтау қабілетін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Кітап оқығанда жағымды эмоциялар мен қызығушылықты ояту.
-Құрдастарымен қарым-қатынаста ізгі ниет пен қарым-қатынасты тәрбиелеу. - Әдебиетке деген сүйіспеншілікті ояту.
- Кітапқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
- Кітаппен үнемі қарым-қатынас жасауға және оған ұқыпты қарауға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Оқу жылынан бастап оқушыларды «Кел, балалар, оқылық» атты 20-минуттық оқу жобасы қолға алынды. Бұл жобаның мақсатты оқушыларды көркем әдебиеттік шығармашылыққа баулу. Бұл жұмыс жоспар бойынша жүргізілуде. «Мектеп Буккроссинг» Акциясы жыл бойы.Мобильді кітапхана фойеде стенд жыл бойы .

Оқу мектебі бойынша республикалық жоба жоспар бойынша жүргізілуде.

Қазақстан халқының тілдері күніне 2-6 сынып аралығында үш тілде «Тіл-достық көпірі» атты өлең оқу байқауы өткізілді, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткізілген «Ахмет тағылымы» атты мысалдар оқу байқауы.

7-9 сынып Тілдер онкүндігіне арнап бастауыш сынып оқушыларының арасында жаңылтпаш айтуға «Жаңылдырсаң да жаңылмаймын» атты жарыс өткызілді. «Біз кітаппен біргеміз», «Оқыған ертегімнің сүйікті кейіпкері», «Сүйікті кітапқа бетбелгі жасаймыз» Байқау, Бейнешолу, Фотоколлаж- Қыскы демалыс күндері, «Абай-ұлы реалист, суреткер» атты видеочеллендж өткізілді. Оқушылар Абай Құнанбаевтың шығармаларын, өлеңдерін жатқа айтты, «16 желтоқсан-

Тәуелсіздік күніне» орай «Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым» атты видео жасалынды, оқушылар берілген тақырыпқа тақпақтарын жатқа айтты.

Кітапхана өткізетін барлық іс-шаралар патриоттық, адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге ықпал ететін және кітап пен оқудың тартымды бейнесін қалыптастыратын оқушыларға әдеби, тарихи, толерантты білім беруге бағытталған.

Кітапханада әдеби шығармаларды пайдалану негізінде жан-жақты, интеллектуалды және рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

**9-Бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар**

Сараптаманы негізге ала отыра 2023-2024оқу жылының жұмысында төмендегідей кемшіліктерді белгілеуге болады:

1. Оқушылардың пән олимпиадасында жетістігінің төмендігі;
2. Педагогтардың өз тәжірибесін тарату деңгейінің төмендігі;
3. ҚМЖ жазу барысында ұстаздардың білім платформаларындағы ресурстарды қажетіне қарай дұрыс пайдалана алмауы; бағалау критерийлері мен дескрипторды дұрыс қолданбауы;
4. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс,жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
5.Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияионалды тұрақтылыққа баулу.

2023-2024 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысын талдауында көрсетілген проблемаларды ескере отырып, 2024-2025 оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды.

**Міндеттер:**

1. Цифрлық сауаттылықты дамыту, білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану;
2. Білімді функционалдық сауаттылықпен дамыта отырып, оқушыны шығармашылыққа баулу;

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сапалы сабақ барысында тиімді қолдану;
4. Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін жетілдіру, кәсіби құзіретін шыңдап, өз деңгейін көтеру:

-педагог кадрларды білімін жетілдіру курстарына жіберу;
-коучинг, семинарлар, семинар-тренингтер ұйымдастырып өткізу;
-әдістемелік көмек көрсету, тәжірибе алмасу жұмысты күшейту;

5. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтап қорыту, тарату:

-мұғалімдерден инновациялық шығармашылық тұрғыда ойлауды, алға қойған міндеттерді өз бетінше шеше алуды талап ету;

-ақпараттық әдістемелік құралдарды толықтыру;
-мектепішілік, аудан, облыс көлемінде тәжірибе алмасу семинарларын өткізу;
6. Жас мамандарға тәлімгерлер тарапынан әдістемелік көмекті жүйелі түрде ұйымдастыру.
7. Бала тұлғасына зерттеу жүргізу, олардың қабілетін анықтап, нәтижеге бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізуді жалғастыру:
8.LESSON STUDY, Іс әрекеттегі зерттеу қызметін жалғастыру. TIMSS, PISA, қорытынды аттестаттауға дайындықты жоғары нәтижеге бағыттау жұмыстарын ұйымдастыру.
9. 5-9, сыныптың пән мұғалімдері педагогикалық кеңестерде, ғылыми-әдістемелік кеңестерде әр оқушының білім деңгейіне сараптама беруін жоспарлау.
10. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін,мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
11. Табиғатқа,табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.